ӘБ отырысында қаралды:
ӘБ жетекшісі:
Әсілбай Ә.Ә.
Хаттама № 1
«___» _____ 2026 ж.

«Келісемін»
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары:
Исаева Л.С.
«___» _____ 2026 ж.

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Жаутиков Ы.А.
_____
«___» _____ 2026 ж.

Ziyatker Turan» мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті пәндері әдістемелік бірлестігінің 2026–2027 оқу жылына арналған ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Әсілбай Ә.Ә.
2026–2027 оқу жылы

ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТІҢ ЖҰМЫС БАҒЫТЫ

Әдістемелік бірлестіктің құрамы:

Қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері.

Әдістемелік бірлестіктің тақырыбы:

«Сапалы білім мен заманауи технология: тілдік құзыреттілікті, оқу сауаттылығын және шығармашылық ойлауды дамыту»

Мақсаты:

Қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиетін оқыту сапасын арттыру, оқушылардың тілдік, коммуникативтік, оқу және функционалдық сауаттылығын жүйелі дамыту, педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру.

Міндеттері:

– оқу бағдарламалары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың орындалуын жүйелі бақылау;
– 5–6 сыныптарда НИШ/КТЛ бағытындағы оқу сауаттылығы мен мәтінмен жұмыс дағдыларын күшейту;
– 7–11 сыныптарда пәндік білім сапасын, әдеби талдау, эссе жазу, зерттеу және академиялық тіл дағдыларын дамыту;
– БЖБ, ТЖБ, диагностикалық және бақылау жұмыстарының нәтижелерін талдап, білім олқылықтарын толықтыру;
– дарынды оқушыларды олимпиада, ғылыми жоба, эссе, дебат және көркемсөз байқауларына жүйелі дайындау;
– үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
– ашық сабақ, шеберлік сағаты және өзара сабаққа қатысу арқылы педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;
– қазақ және орыс тілі сабақтарында жасанды интеллект пен цифрлық ресурстарды педагогикалық мақсатта тиімді қолдану;
– мұғалімдердің біліктілігін арттыру, аттестаттауға және кәсіби байқауларға қатысуына әдістемелік қолдау көрсету.

Күтілетін нәтиже:

Оқу жылы соңында пәндер бойынша білім сапасының оң динамикасы, оқушылардың мәтінді түсіну, талдау, дәлелдеу және сауатты жазу дағдыларының дамуы; олимпиада, ғылыми жоба және шығармашылық байқауларға қатысудың жүйеленуі; педагогтердің әдістемелік және цифрлық құзыреттілігінің артуы күтіледі.

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Ай	Іс-шара мазмұны	Сынып	Мерзімі	Жауаптылар	Нәтиже/есеп	Ескерту
ҚЫРКҮЙЕК	ӘБ №1 отырысы. 2026–2027 оқу жылындағы негізгі міндеттерді айқындау; оқу бағдарламалары, КТЖ, бағалау талаптары, мұғалімдердің жүктемесі мен жоспарларын қарастыру.	1–11	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Хаттама	
ҚЫРКҮЙЕК	Бастапқы диагностикалық жұмыстар өткізу және өткен оқу жылындағы білім олқылықтарын анықтау.	5–11	Қыркүйек	Пән мұғалімдері	Диагностика, талдау	
ҚЫРКҮЙЕК	«Тіл және технология: тілдің жаңа тынысы» Тілдер онкүндігін ұйымдастыру және өткізу: пікірталас, кітап көрмесі, эссе байқауы, челлендж, дөңгелек үстел, көркемсөз оқу, әдістемелік сағат, әдеби қойылым, тілдік сайыстар, қорытынды шара.	2–11	02–11.09.2026	ӘБ жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Жоспар, фото-бейне есеп, қорытынды	
ҚЫРКҮЙЕК	7–11 сынып оқушыларын пәндік олимпиада, ғылыми жоба, эссе және шығармашылық байқауларға іріктеу.	7–11	Қыркүйек	Пән мұғалімдері	Оқушы тізімі, дайындық жоспары	
ҚАЗАН	5–6 сыныптарда НИШ/КТЛ бағыты бойынша оқу сауаттылығы: 3–4 мәтін негізіндегі кешенді тест, мәтін құрылымы, негізгі ой, грамматикалық тапсырмалар.	5–6	Қазан	Қазақ тілі мұғалімдері	Мониторинг	
ҚАЗАН	7–9 сыныптарда оқу сауаттылығы мен функционалдық сауаттылыққа бағытталған мәтіндік тапсырмалар банкін қалыптастыру.	7–9	Қазан	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Тапсырмалар банкі	
ҚАЗАН	Өзара сабаққа қатысу айлығы: сабақтағы тиімді әдістерді бақылау және кері байланыс.	5–11	Қазан	ӘБ мүшелері	Бақылау парағы	
ҚАЗАН	I тоқсан БЖБ/ТЖБ қорытындыларын талдау, білім сапасы төмен тақырыптарды анықтау.	5–11	Тоқсан соңы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Салыстырмалы талдау	
ҚАРАША	ӘБ №2 отырысы. I тоқсан қорытындысы, білім сапасының мониторингі және түзету жұмыстары.	5–11	Қараша	ӘБ жетекшісі	Хаттама	
ҚАРАША	7–11 сыныптарға «Сауатты жазу және дәлелді ой» бағыты: эссе, аргумент, дәйексөз, мәтін редакциялау бойынша практикалық жұмыстар.	7–11	Қараша	Пән мұғалімдері	Оқушы жұмыстары	
ҚАРАША	Пәндік олимпиаданың мектепішілік кезеңіне дайындық және өткізу.	5–11	Қараша	Пән мұғалімдері	Нәтиже, хаттама	
ЖЕЛТОҚСАН	Қазақ және орыс әдебиетінен әдеби оқу/көркемсөз, кейіпкерді талдау, шығармашылық жоба жұмыстарын ұйымдастыру.	7–11	Желтоқсан	Әдебиет мұғалімдері	Шығармашылық жұмыстар	
ЖЕЛТОҚСАН	II тоқсан БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдау және I жартыжылдық білім сапасын қорытындылау.	5–11	Тоқсан соңы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Талдау	
ҚАҢТАР	ӘБ №3 отырысы. I жартыжылдық қорытындысы. II жартыжылдықтағы басым бағыттарды белгілеу.	5–11	Қаңтар	ӘБ жетекшісі	Хаттама	
ҚАҢТАР	5–6 сынып НИШ/КТЛ бағыты бойынша аралық оқу сауаттылығы мониторингі.	5–6	Қаңтар	Қазақ тілі мұғалімдері	Нәтиже, салыстыру	
ҚАҢТАР	7–11 сыныптарда зерттеу және жоба мәдениеті: тақырып таңдау, ақпарат көздерімен жұмыс, академиялық адалдық.	7–11	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Жоба материалдары	

АҚПАН	Ашық сабақтар мен шеберлік сағаттары айлығы. Қазақ және орыс тілі сабақтарындағы тиімді әдістер, цифрлық құралдар және ЖИ мүмкіндіктері.	5–11	Ақпан	ӘБ мүшелері	Ашық сабақ, кері байланыс	
АҚПАН	9–11 сыныптарда дебат/пікірталас: тіл мәдениеті, әдебиет, медиа және ЖИ тақырыптары.	9–11	Ақпан	Пән мұғалімдері	Дебат қорытындысы	
НАУРЫЗ	III тоқсан БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдау. Үлгерімі төмен оқушылармен түзету жұмыстарының нәтижесін қарау.	5–11	Наурыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Мониторинг	
НАУРЫЗ	Ұлттық құндылықтар мен әдеби мұраны дәріптеуге арналған шығармашылық жұмыстар, мәнерлеп оқу және әдеби кеш.	5–11	Наурыз	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Іс-шара есебі	
СӘУІР	ӘБ №4 отырысы. III тоқсан қорытындысы, қорытынды бақылауға дайындық, тәжірибе алмасу.	5–11	Сәуір	ӘБ жетекшісі	Хаттама	
СӘУІР	7–11 сыныптарда қорытынды оқу сауаттылығы, тілдік норма, мәтін талдау және жазылым дағдыларын бекіту.	7–11	Сәуір	Пән мұғалімдері	Бақылау жұмысы	
СӘУІР	Дарынды оқушылардың жылдық жетістіктерін жинақтау: олимпиада, ғылыми жоба, эссе, дебат, байқаулар.	5–11	Сәуір	Пән мұғалімдері	Портфолио	
МАМЫР	5–6 сынып НИШ/КТЛ бағыты бойынша жылдық қорытынды мониторинг, бастапқы нәтижемен салыстыру.	5–6	Мамыр	Қазақ тілі мұғалімдері	Салыстырмалы мониторинг	
МАМЫР	IV тоқсан және жылдық БЖБ/ТЖБ, білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштерін талдау.	5–11	Мамыр	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Жылдық талдау	
МАМЫР	ӘБ №5 қорытынды отырысы. 2026–2027 оқу жылының қорытындысы, жетістіктер мен мәселелер, келесі оқу жылына ұсыныстар.	1–11	Мамыр	ӘБ жетекшісі, ӘБ мүшелері	Хаттама, жылдық есеп	
ЖЫЛ БОЙЫ	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс; олимпиада, байқау, ғылыми жобаға дайындық.	5–11	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Жеке жоспар, нәтиже	
ЖЫЛ БОЙЫ	Мұғалімдердің кәсіби дамуы: курс, вебинар, семинар, аттестаттау, педагогикалық тәжірибе тарату.	–	Жыл бойы	ӘБ мүшелері	Сертификат, материал	
ҚЫРКҮЙЕК	«Тіл – мемлекеттік тәуелсіздіктің символы» атты өзге ұлт өкілдерінің 5–11 сынып оқушылары арасындағы қазақ тілінен республикалық қашықтық олимпиадасына қатысу.	5–11	22 қыркүйек	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Қатысу, нәтиже	
ҚЫРКҮЙЕК	«Махамбет оқулары» шығармашылық байқауына оқушыларды дайындау және қатыстыру.	5–11	Қыркүйек айының 3-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Қатысу, нәтиже	
ҚЫРКҮЙЕК	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңіне қатысу.	5–6	Қыркүйек айының 3-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Хаттама, нәтиже	
ҚАЗАН	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7–8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңіне қатысу.	7–8	Қазан	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Хаттама, нәтиже	
ҚАЗАН	«Ақберен» республикалық өнер байқауының қалалық кезеңіне дайындық және қатысу.	8–11	Қазан айының 3-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Қатысу, нәтиже	
ҚАЗАН	8–11 сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңіне тіл мен әдебиет бағыты бойынша қатысу.	8–11	Қазан айының 3-онкүндігі	Пән мұғалімдері	Ғылыми жоба, нәтиже	
ҚАЗАН	«Маралтай оқулары» шығармашылық байқауының қалалық кезеңіне қатысу.	5–11	Қазан	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Қатысу, нәтиже	
ҚАЗАН	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9–11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңіне қатысу.	9–11	Қазан	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Хаттама, нәтиже	
ҚАРАША	Халықаралық лингвистикалық олимпиаданың құрама командасына іріктеу үшін Лингвистикалық олимпиаданың 1-туры.	9–11	1 қараша	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Қатысу, нәтиже	

ҚАРАША	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысу.	5–6	Қараша айының 2-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
ҚАРАША	«Зерде» республикалық 2–7 сынып оқушылары арасындағы зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсының қалалық кезеңіне тіл/әдебиет бағыты бойынша қатысу.	2–7	Қараша айының 3-онкүндігі	Пән мұғалімдері	Жоба қорғау, нәтиже	
ҚАРАША	«Маралтай оқулары» шығармашылық байқауына қатысу.	5–11	Қараша айының 3-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
ЖЕЛТОҚСАН	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7–8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысу.	7–8	Желтоқсан айының 1-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
ЖЕЛТОҚСАН	Лингвистикалық республикалық олимпиадаға қатысу.	9–11	Желтоқсан айының 2-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
ЖЕЛТОҚСАН	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9–11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысу.	9–11	Желтоқсан айының 2-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
ҚАҢТАР	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9–11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысу.	9–11	Қаңтар айының 1-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
ҚАҢТАР	«Әбіш оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсының қалалық кезеңіне қатысу.	7–11	Қаңтар айының 3-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
ҚАҢТАР	Қазақ тілі мен әдебиетінен «Абайтану» олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысу.	8–11	Қаңтар айының 3-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
АҚПАН	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7–8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысу.	7–8	Ақпан айының 1-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
АҚПАН	9–11 сынып оқушылары үшін республикалық лингвистикалық олимпиадаға қатысу.	9–11	Ақпан	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
АҚПАН	«Мұқағали Мақатаев оқулары» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне қатысу.	5–11	Ақпан айының 1-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
АҚПАН	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысу.	5–6	Ақпан айының 2-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
НАУРЫЗ	«Ілияс оқулары» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне қатысу.	5–11	Наурыз айының 1-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
НАУРЫЗ	«Жарқын болашақ» олимпиадасына қатысу.	5–11	Наурыз	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
НАУРЫЗ	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9–11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысу.	9–11	Наурыз айының 3-онкүндігі	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	
СӘУІР	«Мәшһүр Жүсіп оқулары» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне қатысу.	5–11	Сәуір айының 1-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
СӘУІР	Қ. Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысу.	8–11	Сәуір айының 2-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
СӘУІР	«Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсының қалалық кезеңіне қатысу.	5–11	Сәуір	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
СӘУІР	«Абай оқулары» республикалық байқауына қатысу.	5–11	Сәуір айының 3-онкүндігі	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	
МАМЫР	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7–8 және 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадалардың республикалық кезеңіне қатысу.	5–8	Мамыр	Қазақ/орыс тілі мұғалімдері	Нәтиже	

МАМЫР	«Мәшһүр Жүсіп оқулары», «Ілияс оқулары» және «Әбіш оқулары» республикалық конкурстарының республикалық кезеңдеріне іріктелген оқушыларды қатыстыру.	5–11	Мамыр	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Нәтиже	